

ТСП-ның конструкциясының қарқынды дамуы Солтүстік теңіздегі мұнай газ кенорындарын игеру кезінде болды. Массивтік стационарлы металдық платформалармен қатар, теңіз түбіне қазықпен бекітілетін, Солтүстік теңізді массивті темірбетонды платформаның гравитационды типі кеңінен қолданылады. Сонымен қатар комбинирленген конструкциялар қолданылады: конструкцияның төменгі жағы темірбетоннан, жоғарғы жағы металдан жасалған.

Тереңсулы акваториялар үшін қазіргі кезде жасалып жатқан жобаларда тартылу тіректері бар платформаларды игеру түрлері қолданылады.

Жетілген қатты металдық конструкциялар сияқты, үлкен тереңдіктегі (300-1050м) платформалардың серпімді конструкцияларының жобаларына зерттеу және игеру жұмыстары жасалды.

Шельфті игерудегі әрбір жаңа кезең өмірде туындайтын мәселеге сәйкес келетін, жаңа техникалар әкеледі. Шельфті меңгеру кезінде біртұтас техникалық жабдықтар спектрі жасалынды, яғни техникалық, геологиялық, гидрогеологиялық, экономикалық және т.б. шарттар қасиетіне сәйкес таңдау арқылы анықталады. Мысал ретінде, зерттеу жұмыстарының жүргізілуі мұнай және газ ұңғыларын игеруде әр түрлі техникалық жабдықтардың қолданылуы. Теңіз мұнай газ құрылымы мен жаңа техника шығаруда нәтижелі жұмыс жасап келе жатқан инженерлік компаниялар арасында белгілі бір орын алатын «Браун & Рут», «Мак-Дермот», «Квернер», «Аккер», «Кеппер» және т.б. жатады.

Әзірбайжанда Гипроморнефтегаз институты жобалап, ал «Баку тереңсулы негіздерді жасау» зауыты оны жасап және шамамен 100 метрлік тереңдікке 10-нан астам металл платформаларын орнатты. ВНИПИШельф институтымен Қырымның газды кен орындары үшін биіктігі 30 метр болатын платформалар жасалды. Диаметрі 500-700 мм-ге дейін жететін теңіз құбырлары Каспий және Қара теңіз бойымен және Татар бұғазы арқылы Қиыр Шығыста өткізілген.